

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі



"Ертежүктіліктің алдын алу бойынша атқарылған іс-шаралар"

2023-2024 оқу жылы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМУ БӨЛІМІНІҢ
«№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



Коммунальное государственное учреждение
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА
№52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№193

ПРИКАЗ

Қаратал ауылы

«01» «09» 2023 жыл

"Ертежүктіліктің алдын алу"
туралы

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебіндегі әрбір қыз балаға ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте қыздар арасында ертежүктіліктің алдын алу мақсатында іс-шара жоспары жасалып, бекітілсін.
2. Мектептегі әрбір қыз балаға ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру мақсатында түрлі іс-шаралар мен ашық тәрбие сағаттары, жеке басының гигиенасы туралы ақыл-кеңестер ұйымдастырылсын.
3. Жергілікті медицина қызметкерерімен кездесулер ұйымдастыру мектеп медбикесі З. Исаковаға міндеттелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Кузепбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Г. Бекжанова



Бекітемін

Мектеп директоры:

Г. Бекжанова

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
ерте жүктіліктің алдын алу шаралары бойынша жүргізілетін жұмыс
жоспары**

2023-2024 оқу жылы

Р/с	Атқарылатын жұмыстар	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1.	"Ерте жүктілік немен қауіпті?" Дөңгелек үстел	Қыркүйек 7-8сынып	ДТІЖО М. Кузенбаева сынып жетекші Медбике З. Исакова
2.	"Ерте жүктілік салдары. "Бейнетаспадан көрініс:	Қазан 8-9сынып	ДТІЖО М. Кузенбаева Психолог Б. Кенжебаева Медбике З. Исакова
3.	"Қызға қырық үйден тыйым салу." Дебат сабақ	Қазан 10-11 сынып	ДТІЖО М. Кузенбаева сынып жетекші
4.	"Ерте жүктіліктің нәтижесі." Бейнетаспадан көрініс:	Желтоқсан 7-8сынып	ДТІЖО М. Кузенбаева Психолог Б. Кенжебаева Медбике З. Исакова
5.	"Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі" дөңгелек үстел	Қаңтар 8-11 сынып	ДТІЖО М. Кузенбаева Қыздар ұйымының төрайымы У. Камалова психолог Б. Кенжебаева
6.	"Ерте жүктілік деген не?"	Ақпан 10-11 сынып	ДТІЖО М. Кузенбаева сынып жетекші психолог Б. Кенжебаева Медбике З. Исакова
7.	"Қызым үйде қылығы түзде" тәрбие сағат	Наурыз 8-9сынып	ДТІЖО,М. Кузенбаева сынып жетекші
8.	"Ерте жастағы жүктілік - болашаққа балта шабу." әңгіме	Сәуір 7-8 сынып	ДТІЖО М. Кузенбаева Психолог Б. Кенжебаева
11	Баяндама "Қыз бала әдебі"	Мамыр 7-8сынып	ДТІЖО М. Кузенбаева сынып жетекші

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

М. Кузенбаева

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Ерте жүктілік немен қауіпті?»

2023-2024 оқу жылы

Бүгінде біз жоғары ақпараттық технологиялар заманында өмір сүрудеміз деп мақтанамыз. Сондықтан, өсіп келе жатқан ұрпақты сауатсыз деп те айтуға болмайды. Өйткені, олар осы жаңа технологияларды еркін меңгеріп, түрлі ақпараттармен алмаса алады. Иә, заман өзгергенімен, әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүріміз өзгерген жоқ. Адам өмірінде ешқандай қиындық болмайды деген кепілдік ешкімде жоқ. Ешкім де алдында қандай қиыншылық күтіп тұрғанын болжай алмайды. Әр адамның басында қуаныш пен қайғысы қатар жүретіні рас. Ол Алланың сыны деп айтуымызға болады. Алайда, осындай қиындықтардан шығудың да түрлі жолдары бар. Көбі сол қиындықтан алып шығатын жолды таппай қатыгездікке, қателікке бой алдырып жатады.

Негізінде, қазіргі педагогика оқулығында жыныстық тәрбие туралы бөлім жоқ. Оны көбі ұят санайды. Мұғалімдердің өзі өрімдей балаға мұны қалай жеткіземіз деп оқушыларға мұндайды оқытуға ұялады. Сонда қыз баласы жыныстық тәрбиені қайдан оқып білуі керек? Міне осы жерде оған отбасында анасымен, жеңгесімен сырласу өте қажет. Мектепте осындай тақырыптарда сабақтар өткені жөн. Мұның қыз баласына пайдасы көп.

Сондай-ақ, біз баланы өте катал тәрбиелейміз. Тәрбиелеу деген осы екен деп тым каталдыққа салыну да бала жастан қызды жалтақтыққа алып келетінін ұмытамыз. Осыдан барып, қыз өз анасына ойындағысын айтуға жасқанады. Мысалы, алғашқы етеккір келгенін ол анасына емес, алдымен құрбысына, не жеңгесіне айтады. Сол үшін қызды кішкентайынан өзімізге әбден сендіріп, анадан артық жақын адам жоқ екенін ұғындырып өсіруіміз керек. Қыз – болашақ ана, бір әулеттің үлгілі келіні атанатындығын санасына сіңіріп, әйелге үлкен жауапкершілік пен міндет жүктелетіндігін айтып отыру керек.

Баланы тәрбиелеу ата - ананың басты міндеті. Ұл өсті дегеннен өзіне жар болатын жанның арының тазалығына мән беру керектігін ана айтып отыруы керек. Бойжеткен қыздың қылығы көп, сондықтан да қызбаланың тәрбиесіне ананың ерекше мән бергені жөн. Қыз анасымен сырлас болып, өзін мазалаған ішкі ойларымен әрдайым бөлісіп отырса, жамандыққа жолықпайды. Қыздың ең бірінші ұстанымы — қыз деген атқа лайық болуы. Ал қазіргі ата-аналар заманына қарай жеңіл ойлайтын сияқты. Дегенмен, заман өзгергенімен, адам өзгерген жоқ қой. Қыз — болашақ жар, болашақ ана. Өзге үйдің босағасын аттағанда бойыңды тік ұстап, тәрбиелеп өсірген ата-ананың елдің алдында жүзін төмен түсірмейтіндей етіп адал аттау үшін ананың әр сөзін қыз бала жадында ұстауы керек.

№52 С. Бегалин атидығы жалпы ортабілім мектебіндегі «Ерте жүктілік салдары» мақсатында өткізілуі туралы мәлімет

Қатысқандар:

1. ДТІЖО – М. Кузенбаева
2. Психолог-Б. Кенжебаева
3. Медбике – З. Исакова
4. 8-9 сынып қыздары

Іс – шараның мақсаты Мұның салдары негізінен әйелдің (немесе жалпы ерлі-зайыптылардың) моральына әсер ететін психологиялық деңгейлерде немесе кемсіту немесе бас тарту жалпыға ортақ проблемаларға айналған әлеуметтік деңгейлерде болуы мүмкін.

1. Ерте жүктілік туралы фактілер
2. Мәжбүрлі неке
3. Жүктіліктің ерте кезеңіндегі проблемалар

Атаулы мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналасу, сонымен бірге карьера жасау мүмкіндігінен айырылады. Қатынасқа түсе білгенмен, жас жігіт әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды. Көп жағдайда қыздар жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса жақсы) ана тығырыққа тіреледі. Шыны сол, мұның бәрі анаға оңай соқпайды. Көп жағдайда шарасыздыққа түскен жас ана баласын балалар үйіне тастап кетіп жатады. Бұл – өкінішке орай, ерте жүктілік салдарынан болатын, өмірде жиі кездесетін жағдаят.

– ХХІ ғасырда медицина жылдам дамуда. Кез келген азаматтың денсаулығы – өзекті мәселе. Осы ретте, бір біз емес, бүкіл әлемге кеңінен тараған жасанды түсік жасату мәселесін шешу – басты міндеттің бірі саналады. Себебі, жасанды түсік әйелдің өмірін қиып қана қоймай, болашақта аналық махаббаттан шектете түспек. Бір жанұяның мәселесі қоғамдық мәселеге ұласпас үшін бүгіннен бастап өз денсаулығымызға байыппен қарап, дәрігермен кеңескен жөн, – дейді медбике

Түйін:

Қыз – сұлулық пен ақылдың белгісі. Ұлтқа келер ұят пен ардың өлшемі. Қыз қылығы – талайды тамсандырып, талайдың жүрегін жаулаған. Қаншама ақынның шабытын оятып, жырына арқау болған. Қыз – қазақтың мақтанышы. Әрбір азамат бір қыз көрсе, оған туған қарындасы мен әпкесіндей, бір ананы көрсе туған анасы мен әжесіндей қараса – қазақ қызы кім көрінгеннің аяғына тапталып, кім көрінгеннің жетегінде кетпейді. Халқымыз: «Бағалай білгенге – бақ қонар», – дейді. Қыз – біздің барымыз да нарымыз, қырмызы қызыл гүліміз. Гүлімізді тамырынан ерте солдырмай, бағалай да аялай білейік.

**№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта мектебіндегі «Ерте жүктілік немен қауіпті?» мақсатында дөңгелек үстелдің өткізілуі туралы
Анықтама**

Қатысқандар:

- 1.ДТІЖО – М. Кузенбаева
- 2.Психолог-Б. Кенжебаева
- 3.Медбике– З. Исакова
4. 9-10-11 сынып қыздары

Іс – шараның мақсаты жасөспірімдердегі ерте жүктіліктің алдын алу.




- 1.Қыздарға адамгершілік тұрғысынан бойжеткен ережесін үйрету.
- 2.Өз бойларындағы сұлулықты, әсемдікті сезіну, адамдармен қарым-қатынас іскерліктерін дамыту.
- 3.Қыздардың өз бойында инабаттылық, ибалылық, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыруға, бірлікке тәрбиелеу.

Алғы сөзді ДТІЖО М. Кузенбаева сөзді алып. Психологтың ұйымдастыруымен 9-10-11 сынып қыздары арасында мақсатында **«Ерте жүктілік немен қауіпті?»** жиналыс өткізілді. Жиналыс жасөспірім қыздардың жеке гигиенасы туралы баяндама оқып, видеороликтер көрсетілді. Қыздарға сұрақтар қойылып, қыздардың қойған сұрақтарына жауап берді.

Мектебімізде қыздар арасында бұл тақырыпта бірнеше іс-шаралар атқарылып отырады. Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында дөңгелек үстел өтті. Онда қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай; тағы басқада осындай үлкен сұрақтың төңірегінде әңгіме қозғалды. Олардың тарапынан сұрақтар мен пікірлер өте көп болды.

Қыздарды ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге, қыз балаға гигиеналық тазалықты дұрыс және күнделікті сақтауға үйрету. Өз бойларын, ойын дөрекіліктен сақтандыру;

Әлеуметтік педагог қыздарға сақ болып, қазірден бастап олардың тәртібіне ата-анасы жұмыста болғанда үйде немен айналысатынын қадағалап, хабардар болып отыруы керектігі туралы айтылды. Мектеп психологы қыздардың кешкі уақытта үйден шықпауы, интернет желісінде түрлі әлеуметтік желілерде отырмауын қадағалау тапсырылды. Б. Момышұлының сөзімен «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» өз ойын тиянақтап жеткізді. Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы — жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланған жүктіліктің 90 пайызы отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, «Қызға 40 үйден тыйым» деп аталатын тыйым сөздер ақпараттық тактаға жазылып, түсіндіріліп өтті. Ұл-қыздар қиындықтан аман болсын!



№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БАЯНДАМА

Ерте жүктіліктің салдары қайсы?

Медбике : З. Искакова

2023-2024 оқу жылы

Ерте жүктіліктің салдары қайсы?

Басқаға қарағанда, қаймағы бұзылмаған қазақия қоғамында қызға деген көзқарас ерекше. Қызын жат ниғыл мен тіл-көзден сақтау мақсатында бұрымына шолпы, тақиясына үкі тағып, бүрмелі көйлек киізетін болған. Халқымыз қыздың өлшемін – ұлттың өлшемімен өлшеген. Сол себептен де, қайсыбір отбасы болмасын қыз бала дүниеге келсе, «қазаншы» келді деп, жақын-жуығынан сүйінші сұраған. Қызға мәпелеп қараумен қатар, керек жерінде қаталдық та танытқан. «Қызды – қырық үйден тию», «Қыздың өзі үйде болғанымен, қылығы түзде» деп болашағына бей-жай қарамаған.



Мәселе сонда болып тұр ғой. Жалпы, ерте жүктілік қыз бала ағзасына қауіпті ме? Жүктілік кезінде ағзаның жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйесі мен ішкі органға жүк түсетіні рас па? Жас аналардың денсаулығы қалай қадағаланады? Ерте жүктілік неден пайда болады?

Маманның пайымынша, ерте жүктілік – бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жетімсіздігі. Бірқатар отбасында аталған тақырып төңірегінде әңгіме-сөздің қозғалмауында. Қыз бен анасының арасындағы жылы қарым-қатынас пен етене байланыстың жоқтығынан да орын алуы мүмкін. Мәселен, көптеген жанұяда бұл тақырып жабулы қазан күйінде қала беретіндігінде. Әйткенмен, бұл – дұрыс емес. Алдыңғы жылы аудан бойынша 13-19 жастағы жасөспірім арасында 16 жүктілік фактісі тіркелсе, былтыр 9 жүктілік тізімге алынған. Атап айтарлығы, ерте жүктіліктің әсерінен өмірге сәби әкелген жас аналар денсаулығына зиян келмеді ме? Ерте жүктілік дегеніміз не? Маман пікіріне зер салсақ...

– Ерте жүктілік деп 13-18 жаста болатын жүктілікті айтамыз. Осы уақытта қыз баланың өтпелі кезеңі басталып, ағзада гормондық қайта құрылу үрдісі жүреді. Ерте жүктілік несімен қауіпті? Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді. Жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе, басқа да ішкі ағзаға үлкен салмақ түседі. Мұның қиындығы – жас анада көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоз болады. Ерте жүктілікте қыздың ағзасы осындай жүктемеге әзір болмайды. Сол үшін ең дұрысы – ерте жүктіліктен сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтану жайында орта мектепте ата-анамен, сынып жетекшімен жиі әңгімелесу керек. Сондай-ақ, жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу да көп көмегін береді. Егер қыз жыныстық қатынасқа ерте түссе, ол оның салдарын білуі тиіс. Міне, осы тұста оған отбасында анасымен, жеңгесімен жақын сырласуы қажет. Кейде біз баланы өте қатал тәрбиелеп жатамыз. Тәрбиелеу – осы екен деп шамадан тыс қаталдыққа салынып, баланы жастайынан жалтақ етеміз. Осыдан келіп, қыз анасына ашылып, ойындағысын айтуға жасқанады немесе ұялады. Мәселен, бала дәурен қалып, қыз дәуренінің басталғанын ол анасына емес, алдымен құрбысына, яки болмаса жеңгесіне айтады. Сол үшін қызды бала кезінен өзімізге сендіріп, оған анадан артық жақын адам жоқ екенін ұғындырып өсіргеніміз абзал. Қыз – болашақ ана, сондықтан ес кіргеннен бастап анасы қызына бір әулеттің үлгілі келіні атанатынын санасына сіңіріп, осы тұрғыда әйелге үлкен жауапкершілік пен міндет жүктелетінін айтып отыру артық етпейді. Егер ол жүктілікке әзір болмаса, жүктіліктен сақтанудың жолынан толық ақпараттанғаны дұрыс. Атаулы мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналасу, сонымен бірге карьера жасау мүмкіндігінен айырылады. Қатынасқа түсе білгенмен, жас жігіт

әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды. Көп жағдайда қыздар жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса жақсы) ана тығырыққа тіреледі. Нақты білімі, жұмысы жоқ оның баланы күтіп-бағуға ақшасы болмайды, – дейді амбулаториялық-емханалық қызметі бар аудандық орталық аурухананың бас акушері Әсем Мерекова.

Шыны сол, мұның бәрі анаға оңай соқпайды. Көп жағдайда шарасыздыққа түскен жас ана баласын балалар үйіне тастап кетіп жатады. Бұл – өкінішке орай, ерте жүктілік салдарынан болатын, өмірде жиі кездесетін жағдаят.

– ХХІ ғасырда медицина жылдам дамуда. Кез келген азаматтың денсаулығы – өзекті мәселе. Осы ретте, бір біз емес, бүкіл әлемге кеңінен тараған жасанды түсік жасату мәселесін шешу – басты міндеттің бірі саналады. Себебі, жасанды түсік әйелдің өмірін қиып қана қоймай, болашақта аналық махаббаттан шектете түспек. Бір жанұяның мәселесі қоғамдық мәселеге ұласпас үшін бүгіннен бастап өз денсаулығымызға байыппен қарап, дәрігермен кенескен жөн, – дейді аурухананың бас акушері.

Түйін:

Қыз – сұлулық пен ақылдың белгісі. Ұлтқа келер ұят пен ардың өлшемі. Қыз қылығы – талайды тамсандырып, талайдың жүрегін жаулаған. Қаншама ақынның шабытын оятып, жырына арқау болған. Қыз – қазақтың мақтанышы. Әрбір азамат бір қыз көрсе, оған туған қарындасы мен әпкесіндей, бір ананы көрсе туған анасы мен әжесіндей қараса – қазақ қызы кім көрінгеннің аяғына тапталып, кім көрінгеннің жетегінде кетпейді. Халқымыз: «Бағалай білгенге – бақ қонар», – дейді. Қыз – біздің барымыз да нарымыз, қырмызы қызыл гүліміз. Гүлімізді тамырынан ерте солдырмай, бағалай да аялай білейік.

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тренинг

«Ерте жүктіліктің алдын алу » тренинг

Педагог-психолог

Кенжебаева Б

2023-2024 оқу жылы

«Ерте жүктіліктің алдын алу» тренинг

Хаттама

Қыздармен «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша жүргізілген жұмыстың
анықтамасы

Күні: 12.12.2024ж

Тақырыбы: «Ерте жүктіліктің алдын алу» тренинг

Мақсаты: мақсаты мен міндеті:

- Ерте жүктіліктің алдын алу.
- Кәмелетке толмағандардың денсаулықтарын қорғау.
- Білім алушылардың бойында өзін-өзі күтудің дұрыс гигиеналық нормаларын қалыптастыру.

Қатысқан сыныптар: - 8-11 сынып қыздары

Өту орны:Мультимедия кабинеті

Көрнекілік: слайд,адамгершілік ағашы,сиқырлы қобдиша

Жүргізу барысы:

Тренинг құрылымы:

- Амандасу «таныстыру» жаттығуы
- Баяндама
- «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы

Нәтижесі: А) таныстыру тренинг өткізілді,оның мақсаты оқушыларды бір-бірімен жақсы таныстыру,бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату.Сонымен қатар келесі «Сиқырлы қобдиша»тренинг өткізілді.Осындай жаттығулар алаңдаушылықты азайтады және ол өзін тез арада жана ортаға оңай өтіп,өзін сол топ құрамында сезінеді. Ә)Баяндама оқылды.Қыздарға ерте жүктіліктің адам денсаулығына зияндығын, оның әсерін,кедергілеріне және ерте жүктіліктің алдын алу жолдары ақпарат берді. Б) «Сиқырлы қобдиша» жаттығуы ойнатылды. Сиқырлы қобдишада тапсырмалар бар.Тапсырмаларды жақсы орындады.Сұрақтарға жауап біріп,өз ойларымен бөлісті.

1. Қыздар туралы мақал-мәтелді жалғастыру
2. Берілген сұрақтарға жауап беру
3. Берілген қасиеттердің мағынасын ашу

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебіндегі «Ерте жүктіліктің нәтижесі»
мақсатында бейнетаспаның көрсетілуі туралы
Анықтама**

Қатысқандар:

1. ДТІЖО – М. Кузенбаева
2. Психолог-Б. Кенжебаева
3. Медбике – З. Исакова
4. 7-8 сынып қыздары

Іс – шараның мақсаты жасөспірімдердегі ерте жүктіліктің алдын алу.

1. Ерте жүктілік қауіпті ме?
2. Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?
3. Ерте жүктіліктің қалай алдын алуға болады?

Ерте жүктіліктің нәтижесі:

Бұл мәселеге әлеуметтік тұрғыдан карағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналдасу және карьера құру мүмкіндігінен айырылады. Ал жас жігіт әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды, көп жағдайда қыздар өздері жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса, жақсы), жас ана тығырыққа тіреледі; білімі жоқ, жұмысы жоқ, баланы күтіп-бағуға ақшасы болмайды. Осының бәрі жалғыз бір жас анаға ауыр болатындықтан, көп жағдайда аналар баласын балалар үйіне өткізіп жатады. Ал бұл өкінішке орай, ерте жүктіліктің салдарынан болатын жиі кездесетін оқиға. Қыздар қиындықтан аман болсын!

Ерте жүктілік қауіпті ме?

Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді, жүрек қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме түседі. Бұның қиындығы - жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, таксикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес!

Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?

Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы - жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланған жүктіліктің 90 пайызы отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді.

Ерте жүктіліктің қалай алдын алуға болады?

Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі - сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-ана баласымен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптарды оқу. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба?! Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма?! Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және салдары туралы толық ақпараттануы керек.

Қатысқандар:

1. ДТІЖО – М. Кузенбаева
2. Психолог – Б. Кенжебаева
3. Медбике – З. Исакова
4. 8-9 сынып қыздары

Іс – шараның мақсаты Мұның салдары негізінен әйелдің (немесе жалпы ерлі-зайыптылардың) моральына әсер ететін психологиялық деңгейлерде немесе кемсіту немесе бас тарту жалпыға ортақ проблемаларға айналған әлеуметтік деңгейлерде болуы мүмкін.


1. Ерте жүктілік туралы фактілер
2. Мәжбүрлі неке
3. Жүктіліктің ерте кезеңіндегі проблемалар

Атаулы мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналасу, сонымен бірге карьера жасау мүмкіндігінен айырылады. Қатынасқа түсе білгенмен, жас жігіт әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды. Көп жағдайда қыздар жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса жақсы) ана тығырыққа тіреледі. Шыны сол, мұның бәрі анаға оңай соқпайды. Көп жағдайда шарасыздыққа түскен жас ана баласын балалар үйіне тастап кетіп жатады. Бұл – өкінішке орай, ерте жүктілік салдарынан болатын, өмірде жиі кездесетін жағдаят.

– ХХІ ғасырда медицина жылдам дамуда. Кез келген азаматтың денсаулығы – өзекті мәселе. Осы ретте, бір біз емес, бүкіл әлемге кеңінен тараған жасанды түсік жасату мәселесін шешу – басты міндеттің бірі саналады. Себебі, жасанды түсік әйелдің өмірін киып қана қоймай, болашақта аналық махаббаттан шектете түспек. Бір жанұяның мәселесі қоғамдық мәселеге ұласпас үшін бүгіннен бастап өз денсаулығымызға байыппен қарап, дәрігермен кеңескен жөн, – дейді медбике

Түйін:

Қыз – сұлулық пен ақылдың белгісі. Ұлтқа келер ұят пен ардың өлшемі. Қыз қылығы – талайды тамсандырып, талайдың жүрегін жаулаған. Қаншама ақынның шабытын оятып, жырына арқау болған. Қыз – қазақтың мақтанышы. Әрбір азамат бір қыз көрсе, оған туған қарындасы мен әпкесіндей, бір ананы көрсе туған анасы мен әжесіндей қараса – қазақ қызы кім көрінгеннің аяғына тапталып, кім көрінгеннің жетегінде кетпейді. Халқымыз: «Бағалай білгенге – бақ қонар», – дейді. Қыз – біздің барымыз да нарымыз, қырмызы қызыл гүліміз. Гүлімізді тамырынан ерте солдырмай, бағалай да аялай білейік.



№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ДЕБАТ

«Қызға қырық үйден тыйым»

2023-2024 оқу жылы

Сабак түрі: дебат

Тақырыбы: «Қызға қырық үйден тыйым»

Мақсаты: Бойжеткен ару қыздарды сырт көзден сақтап, оларды биязылыққа, ибалылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші: Ертеде дана халқымыз: «Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі», «Шешесі отырып, қызы сөйлегеннен без», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» демекші, ата-бабаларымыз қыз баланың тәртібі мен тәлім тәрбиесін жоғары бағалап, қыздарды адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке, ар-ұяттылыққа, нысаптылыққа, мәдениеттілікке, тәртіптілікке, еңбекшілдікке, сұлулыққа, сымбаттылыққа баулып отырған. Әрбір ата-ана Аллаһ тағаладан жақсы перзент беруін тілейді. Сол баланы тәрбиелеу, оны жетілдіру өте маңызды. Дініміз Исламда бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Пайғамбарымыз былай дейді: «Кімде-кім үш қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие берсе және оларды тұрмысқа берсе, жақсылық жасаса, Аллаһ тағала ол кісіні жәннатына кіргізеді». «Дүниеге қыз келген уақытта, Аллаһ тағала ол жерге періштелерді жіберіп, сәлемін айтып: «Мына үйдің тұрғындары, сендерге сәлем болсын», - дейді. Періштелер канаттарымен жаңа туылған қызды қорғаштап былай дейді: «қандай әлсіз, қорғансыз еді, әлсіз денеден шықты. Егер әкесі оны тәрбиелеп өсірсе, қияметке дейін оған Аллаһтың жәрдемі болады».

Жүргізуші: «Қыздар – олар мейірімді, игі жандар. Бір қызы бар адамды Аллаһ тағала тозақ отынан сақтайды. Екі қызы бар адам, солардың себебімен жәннатқа кіреді. Ал үш қызы бар немесе қыздары секілді кіші қарындастары бар адам, оларға қамқоршы болса, оның мойнынан жиһад пен садақаның жауапкершілігі түседі». Ата бабаларымыз қыз балаларымыз, апа қарындастарымызға тәлім тәрбие беру ісінде асыл дініміздің маржан сөздерін арқау еткені белгілі. Қазақта «қызға қырық үйден тыйым» деп аталатын тәрбие бар. Еліміздің ертеңі осы асыл аналарымыз бен қарындастарымыздың қолында екені анық. Сондықтан жастарға тәрбие беруде дәстүрдің озығы мен тозығы бар демекші заман талабына сай озық тұстарын ұтымды пайдалану керек. Қыздарымыздың ибалы һәм иманды, тәрбиелі болуына пайдасы тиер деген оймен ес біліп, етек жиған әрбір қыз өзі барған әрбір үйде мынадай қырық істен тыйылу керек немесе барған үйлері тыю керек деп қараған.

Жалпы бүгінгі біздің пікірталасымызда қаралатын мәселе де осы мәселе болмақ. Ендеше мен сіздерді әділқазылар алқасымен таныстырып өтейін.

1. Тұрсынай Аблизова қыздар ұйымының төрайымы

2. – «Өзін –өзі басқару» ұйымының мүшесі

3. – «Өзін –өзі басқару» ұйымының төрайымы

(Ортада екі команда тұрады). Ендеше команданың аттарымен таныс болыңыздар.

1. «Бойжеткендер» командасы. ().

2. «Қызғалдақтар» командасы. ().

3. (Ендеше пікірталасымызды бастасaq).

1.Қазіргі қыздардың заманы,

2. Бұрынғы қыздардың заманы. (пікірталас жүреді).

Сұрақ жауаптар.

1. Қызға қатысты қандай мақалдар білесіздер?

2. «Қыздың өзі үйде, қылығы түзде»

3. «Қызың өссе қызы жақсымен, ұлың өссе ұлы жақсымен ауылдас бол»

4. «Қызға қырық үйден тыйым»

5. «Гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі»,

Бір қыз күйеуге шықса,

Қырық қыз түс көреді.

Қыз өссе - елдің көркі

гек жиған әрбір қыз өзі барған әрбір үйде мынадай қырық істен тыйылу керек немесе барған үйлері тыю керек деп қараған. Олар:

Үлкенге сәлем бер, жолын кесіп өтпе, жалғыз қыдыруға тыйым.

Үлкендер алдында жарыса сөйлеуге тыйым.

Талтайып отыруға тыйым.

Шалқайып жатуға тыйым.

Көп алдында ұятқа қалмауды, ағайынға жеккөрінішіті болмауды әрқашан ойлап жүр.

Орынсыз іске ұрынудан тыйым.

Өтірік, осек айтпа және оны айтушыларды тыңдама.

Әурет жерлерінді жауап, ашық-шашық жүруге тыйым.

Өзгелерге тіл және қол тигізуге тыйым.

Кісіге қарап керілуге, есінеуге тыйым.

0. Дастарқан үстінде әдемі отыр, әдепті сөйле. Орынсыз сөзден тыйым.

1. Ұрлық-қарлыққа тыйым.

2. Жаназа оқылып жатқан жерден айналып кетпе. Адамды жерлеуге бара жатқандардан өз қолын кеспе.

3. Бұрандауға, қылымысуға тыйым.

4. Қызыл інірде жатып, түске дейін ұйықтауға тыйым.

5. Жалқаулыққа, ластыққа тыйым.

6. Кісі алдында қасынуға, киім ауыстыруға тыйым.

7. Аш болсаң да, тоқ болсаң да құдайынды ұмытпа.

8. Бейәдеп сөз айтудан тыйым.

9. Үйге, мешітке, қасиетті орындарға оң аяқпен кіру керек. Үлкендердің атын атауға тыйым.

0. Ішімдік-шегімдікке тыйым.

1. Ұрыс-керіске тыйым.

2. Беттен алып, төске шабуға тыйым.

3. Ер адамға әйел киімі жараспайтыны сияқты әйелдер мен қыздарға ер киімі де қонымсыз. Бірі тәңірінің бұйрығында да жоқ нәрсе.

4. Біреудің байлығына, дүние-мүлкіне, ақшасына сұқтанба.

5. Түнде суға жалғыз баруға тыйым.

6. Жат жыныстылармен араласып жатуға тыйым.

7. Құран, намаз оқылып жатқанда сөйлеме, қозғалма, тұрып кетпе.

8. Тарс-тұрс жүріс, қарқ-қарқ күлкіге тыйым.

9. Ерді қорлауға, зорлауға тыйым.

0. Адамды және жан-жануарларды тебуге тыйым.

1. Бүйірін, жағын таянуға тыйым.

2. Тәкаппарлыққа, сайқы-мазаққа тыйым.

3. Тамақты өз алдыңнан алып же, кісі алдындағы қол созба.

4. Шектен тыс жасанып, сылануға тыйым.

5. Қызғаншақтыққа, күншілдікке тыйым.

6. Менмендік пен өзімшілдікке тыйым.

7. Алдап-арбауға тыйым.

8. Көрсеқызарлыққа, нәпсіқұмарлыққа тыйым.

9. Тойымсыздыққа тыйым.

Қорытынды:

Әділқазылар мүшесі қорытынды сөз айтады. Женімпаз анықталады



«Қыз бала тәрбиесі - ұлт тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек үстел

(8-11 сыныптардың қыздарымен)

Дөңгелек үстелдің мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрып,салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс – тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті ,сыпайы, адамгершілігі мол, білімді, жан-жақты жетілген қыз бала тәрбиелеу.

Жүргізуші:Құрметті қонақтар,ұстаздар,мектеп оқушылары «Қыз баланың тәрбиесі-ұлттың тәрбиесі» атты дөңгелек үстелге қош келдіңіздер!

Жарық пен жылу,от пен суық жоқ жерде тіршілік те жоқ. Ал осылардың көктегі көзі - күн болса, жердегі көзі адамзат. Адамдардың бір-біріне мейірімі мен ұлағатты тәрбиесі тіршілікті сақтайды. Тәрбиесі түзелмей елдің көсегесі көгермейді, отбасы түзелмей, болашақ түзелмейді.

Кешіміздің қонақтары: Кештің қонақтарын таныстырып өту

Жүргізуші: Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі қыз баланы тәрбиелеу деген сөз - ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Әр елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді.

Біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданады.

Құрметті қыздар назарымызды интерактивті тақтаға аударайық (бейнекөрініс)

Жүргізуші: Сол әдепті, инабатты, адамгершілігі мол ,сыпайы қыздарды тәрбиелеу бүгінгі мектептің ,қоғамның және ата-ананың негізгі міндеті екенін естен шығармағанымыз жөн.

Ендеше қыз бала тәрбиесі жөнінде құрметті ата-аналар сіздердің ойларыңызда, пікірлеріңізді білсек. Сөз ата-аналарға беріледі.

Жүргізуші: «Аналардан бастау алар ар басы» -дей келе бүгінде асыл ана,аяулы әже атанып отырған аналарымызға сұрақ:

Қыз баланың тәлімі мен тәрбиесі қандай еді? Қазіргі қазақ қыздарының тәлім тәрбиесіне көңіліңіз тола ма?

Жүргізуші:Біз қыз балалармен жыныстық тақырыпта сөйлеуге олардың сұрақтарына жауап беруге ыңғайсызданамыз,өйткені біз оларды әлі кішкентай ғой деп санаймыз ,алайда қазіргі заманда балаларымыз тез есеюде ақпараттар ағымының қарқыны соншалық, балаларымызға қажетті,қажетсіз ақпаратты екшеу мүмкін емес. Бірақ бүгінгідей қоғамның аласапыран кезеңде де қыз балаларды жан-жақты тәрбиелеу,уақыт күттірмейтін мәселе.

Қазақ қоғамына бұл қаншалықты керек. Апа-әжелеріміз, әпкелеріміз жыныстық тәрбие дегенді естімей ақ адал, пәк қалпын сақтаған еді. Бәлкім мұндағы мәселе тәрбие де емес, дұрыс тыйым салуда болар. Қалай ойлайсыздар?

Сұрақ: Ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік немен қауіпті? Қалай сақтануға болады? Не себепті ерте жүктілік болып жатыр?

Оқушылардан сұрақ:

5. Психологиялық тренинг:

1. Жаттығу «Дыбыстық гимнастика

Максаты: Қатысушылардың бойындағы эмоционалдық қысымды төмендету

Шарты: Гимнастика бастамас бұрын жүргізуші жаттығудың шартын түсіндіреді. Бұл жаттығуды орнымыздан тұрып, арқамызды тік ұстауымыз керек және тыныштық сақтауымыз қажет. Ең бірінші терең дем аламыз, сосын дем шығарған кезде қатты және бар күшімізбен дыбысты айтамыз.

А - бүкіл ағзаға жағымды әсер етеді

Е - ауыз кеңірдекке әсер етеді.

И - миға, көзге мұрынга, құлаққа әсер етеді

О - жүрекке және өкпеге әсер етеді.

2. Жаттығу «Голливуд жұлдызы» Жаттығуға қатысушылар : оқушылар мен сынып жетекшілер

Барысы: қатысушылар 2- жақтама бір-біріне қарап тұрады. Ортасына еденге қызыл кілем төселеді . Ортадан кезекпен қатысушылар өтеді. Ортадан өткен адам өзін жұлдыз сезінетіндей болу керек. Жан-жағындағы адамдар оны қолдап, мактап, шапалақтап «жұлдыз» сезіндіру керек. Барлық қатысушылар ортадан өтуі тиіс.

Талқылау: Жаттығудан соң өздеріңізді қалай сезіндіңіздер

3. «Тату алақан» жаттығуы (5 минут)

Әр қатысушы өз парағына алақанының суретін салады, өз орнына қалдырып кетеді, келесі қатысушының орнына барып, оның алақаны салынған суреттің ішіне оған жақсы тілек жазады. Осылай шеңбер бойымен барлығы бір-біріне тілек жазып шығады.

6. Үлкендердің қыз тәрбиесі жөніндегі ой-пікірін тыңдадық. Енді оқушылардың, өз қыздарымыздың айтар сөздерін тыңдасак.

1. «Қыздың жолы жінішке»

2. «Қызға қырық үйден тыю»

3. Қыз-ұлт мақтанышы»

Ән: «Қазақ қыздары»

Орындайтын: 9 сынып оқушысы Насырхан Нұрай

Жүргізуші: «Қыз»-ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны, бүкіл адамзат қыздан тарайды. Қыз келін болады, ана болады, әжеге айналады. Қыздар ! Өздерінді алақанға салып әлпештеп отырған осынау бір елімізге адал перзент, асыл азамат боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар! Тәуелсіз еліміздің ертеңгі тұтқасы сендерсіңдер!

Қорытынды сөз: Мектебіміздің директоры Г. Бекжановаға беріледі.

**№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта мектебіндегі «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі»
мақсатында дөңгелек үстелдің өткізілуі туралы мәлімет**

Қатысқандар:

- 1.ДТПЖО – М. Кузенбаева
- 2.Психолог-Б. Кенжебаева
- 3.Медбике– 3. Исакова
- 4 Қыздар ұйымының төрайымы- У. Камалова
5. 8-11 сынып қыздары

Іс – шараның мақсаты: Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік,көрнектілік,ептілік,инабаттылық,кішіпейілділік жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу.

Мектеп педагог-психологыБ. Кенжебаева -Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі өнеге көрген қыз бала келін болғанда да сол әдетін сақтайды. Сондықтан да, бүгінгі ұлттық салт дәстүріміздің қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстарын айтып өтпекпін.

Әдептілік, инабаттылық, сыйласу қонақ күту жағынан халқымыз алдына жан салмаған. Әрбір бойжеткен қыз бала , әке- шешенің ортасындағы бұлғақтаған бал дәуренін қалдырып, басқа бір үйге барып келін атанады. Өз шаңарағын көтеріп, үй мен шаруаға иелік етіп түтінін түтетеді, ана болып өмірге перзент әкеледі. Жар құшып, ана болу – қыз баланың мақтанышы әрі бақыты. Бұған әсіресе әке- шеше қуанады.

Біздің халықта ежелден келе жатқан ұғым – тәлімде өнегелі қыздың ер жетіп өсуі ата-анаға және оның тәрбиесіне байланысты. Данышпан ақын Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білек» деген еңбегінде « Қызға үлгі көрсет , ерлік ізгілікті басшылыққа ала отырып, әдеп пен инабаттылықты үйрет. Сұрағанын бер, көз алдыңнан таса қылма, мықтап күзет. Мезгілі жеткенде тұрмысқа бер» дей келе қыз баланың барлық талап – тілегін орындау арқылы қатал ұстауды міндеттеді.

Қыздар ұйымының төрайымы- У. Камалова - Біздің халқымызда «қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, жан- жақты сұлулықтың рәмізі ретінде қолданылады. Қазіргі кезде мектептегі кейбір қыздарымыздың тәртібінің төмендеп бара жатқандығы. Яғни ибалы қыздарымыздың арасындағы келеңсіз жағдайлар оқу – тәрбие жұмыстарына кесірін тигізіп жатқаны рас. Оқушыларымыздың осындай теріс жолға түсуіне бірден -бір себепші кінә – теледидар. Себебі оның қай арнасын қоссаң да қантөгіс, кісі өлтіру, тыржалаңаш әйелдердің ерсі қылықтары. Бұны көрген бала оған еліктеп көргенін істегісі келеді. Одан қала берді ұялы телефон. Оның әр түрлі хабарласу түрлері бар. Онымен айналысқан бала оның жағымды жақтарынан гөрі жағымсыз жақтарына құмар. Осыған шектеу қойатын бірден бір адам, ол ата- ана. Үйдегі баланың немен шұғылданып жатқанына бір мезгіл көңіл бөліп, сабағына қараса. Ұұлы мен қызын тек тамақтандырып, киіндірумен шектелмей халқымыздың әдет-ғұрпын үйретіп , үлкенді сыйлауға, кішіге ізет етуге тәрбиелеу басты мақсат болуға тиіс.



ӘЖЕМ МЕНІ ҚАЛАЙ ҰЯЛТТЫ?



0190

Бірде менің ерсі қылығымды байқаған әжем мынандай әңгіме бастады «Қызым адамдардың әдебі ар-намысы болатынындай үйлердің де әдеп-тәртібі болады» Бұл сөзге мырс етіп күліп «Әжетаиым үйлердің әдебі қандай болады екен? Бізге айтып берсеңізші онда!» — дедім. Әжем сөзін бастап кетті. «Біз кешкентай кезімізде аналарымыздан бұрын әкелеріміздің қасында әдепті болуды үйренетін едік. Үйде әкеміз анамыз бар кезде аяғымызды созып отырмайтын едік және үлкендер сөйлеп жатқан кезде бізге сөз кезегі берілмейінше сөздеріне араласпайтын едік. Үлкендер үйге кірген кезде дереу орнымыздан тұрып, оларға орын беретін едік. Ешқашан әкемізден бұрын дастархан басына отырмайтын едік. Әкеміз келіп, тамақты «Бисмилләмен» бастап «Қане тамақтан алыңдар» деген кезде ғана

растайтын едік. Астан кейін дастархан дұғасын кезектесіп оқитын едік. Ешбір тамақ, отбасыңмен бірге отырып жегендей болмайды. Бүкіл осы нәрселер дастарханның әдебі болып саналады, балам!» - деді Таңғалған мен. «Әже, осыншама қысымнан стресске түспейтін бе едіңіздер?» - деп сұрадым. Ол: «Жоқ, бұл қысым емес, бұл бір-бірімізге деген сый-құрмет болғандықтан өзара сүйіспеншілігіміз мәңгі болатын. Бір-бірімізге деген махаббат болғандықтан бұдан ешкім стресске түспейді».

Тағамдар дәмді, ұйқылар тынық болатын. Сенесің бе? Мен алғаш рет «стресс» сөзін осы жерде естідім. Біздің ауылымызда ақыл-есінен айрылған бір кісі бар еді. Барлығы оны жынды дейтін. Тіпті ол да өміріне бақытты еді. Оның өміріне ризалығы соншалық, айтып түсіндіре алмаймын. Кешке дейін көшеде балалармен ойнайтын. Қарны ашқан кезде кез-келген бір үйдің есігін қағып: «Менің қарным ашты, жейтін нәрсе беріңдерші!» - дейтін. Қай үйге кірсе де қолы бос шықпайтын. Шашы өсіп кеткенде бір шаштараз шашын алып, моншашы жуындырып қоятын. Жұма күндері қолынан ұстап, намазға да ертіп апаратын. Яғни ешкім оны шеттемейтін. Қазір болса ешнәрсеге құрмет көрсетілмейді. Қараңдар бұл қалада тіпті үйлерге де құрмет көрсетілмейді! Кеш батқан кезде ешкім үйлерінің перделерін жаппайды, үйлерінің іші көрініп тұрғанынан ешкім ұялмайды. Ал біз қараңғы түспей тұрып-ақ қалың перделерімізбен жауып, содан соң үйдің жарығын қосатын едік. Киім ауыстырар кезде тіпті перделер жабық болса да ұялғандығымыздан жарықты сөндіріп, жерге отырып ауыстырар едік. Сырттан қарағанда көлеңкеміздің көрінетінін ойласақ жүзімізден от шығардай қызарып кетер едік. «Үйдің әдебі пердесінің жабылып, жабылмағанынан белгілі болады», - деп айтатын аталарымыз. Үйлер биік-биік дуалдармен қоршалған болса да жуылған іш киімдерін аулаға іліп қоюға үйіндегі адамдардан ұялатынбыз. Ешкім ауланың ортасына іш киімдерін жайып қоймайтын. Бір күні әлі жас кезімде іш киімімді ең бірінші жолке іліп қойыппын. Кейін анам келіп: «Әй, қызым, бүгін әкең аулаға шығып сенің жайылып тұрған іш киіміңді көрген кезде ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Бұдан былай іш киімдеріңді бірінші жолке ілме, ең соңындағы жолке іліп, үстінен жұқа матамен жауып қой, астындағы киімің көрінбесін! Әдебімізден, арнамысымыздан айрылсақ, иманымыздан да айрыламыз!» - деген еді.

Мен ол кезде 12 жасар едім. Анамнан бұл сөздерді естіген кезімде ұялғанымнан өзімді қоярға жер таппадым. Қазір ондай әдеп қалмаған сыңайлы. Кеше таза ауамен тыныстайын деп балконға шықсам,

қарсыдағы көрші іш киімдерін балконына жайып қойыпты. Мен мұны көріп, ұялғанымнан үйге кіріп кеттім. Қазіргі күнде көбісі көшеде тамақтанады. «Көз ақысы» деген нәрсе бар. Адамдар базардан алған заттарын іші көрініп тұратын пакеттерге салып, үйіне алып келеді. Бұл заттарды алуға жағдайы келмейтін адамдар бар, көз ақысы өтеді, қызғаншақтық көре алмаушылық пайда болады. Бұған мән беріп жатқан ешкім жоқ. Әркімнің көзі түскен мұндай тағамдарда шипа болмайды. Пайғамбарымыз (с. а. с.): «Жасаған тағамдарыңның иісімен көршілеріңді мазаламандар» деген. Қазіргі таңда тағамдардың иістерін мұңкітіп, оларды баршаға көрсету арқылы айналадағы адамдардың мазасын алады. Әрине әлгі желінген тағамдардан азапталады. Кейін «стресс» деп дәрігерлерге барады. Үйдің тағы бір әдебі бар, ең маңыздысы да осы болса керек. Үйдің ішінде болып жатқан ұрыс-керістер әртүрлі жағдайлар сыртқа шықпауы тиіс. Бұл да үйдің әдептерінен бірі болып саналады. Сондықтан бұрын келеңсіздіктер үйдің ішінде оңай шешілетін еді. Онсызда сүйікті пайғамбарымыз әсіресе ерлі-зайыптылардың арасында болатын ұрыс-керістерді сыртқа жаюдың үлкен күнә екендігін қаншама рет айтқан.

Ұялсам да, өзім солардың бірі болсам да әжеме. «Әжетайым, қазір фэйсбук, инстаграм деген нәрсе шыққан. Адамдар кафеге кіммен барғандарын, не жегендерін суретке түсіріп, мыңдаған досына көрсетеді!» – дедім. Таңғалған әжем: «Не деген сұмдық. Адам жеген тағамдарын көрсете ме? Қиямет қайым басталды десеңші. Біз күйеуіміздің жанында жүруге ұялатын едік. Қаншама жесір қалған әйелдер, тұрмыс құра алмаған қыздар бар. Олардың көңіл жараларына тұз баспайық, деп ерімізден бір қадам артта жүретін едік. Қазір ұрыс-керіс те жақсы көру де адамдардың көз алдында болуда. Әрине құпиялық қалмаған соң, адалдық та қалмайды. Үйдің берекесі – үлкендерге құрмет көрсетуде. Үйдің әдебі – жабылған перделерде. Махаббаттың әдебі – жасырын болуда, көздің әдебі – көздің қабақтарында. Дененің әдебі – оранған, киінген болуында. Ал ұят – иманнан. Ақыл миға, ілім көңілге (жүрекке), ал ұят көзге орналасады. Ұяттың орны – көз. Сондықтан көзімізді қорғау керек, әрі көзге түсетін нәрселерді де бақылауда ұстау керек» – деді.

Әжемнің бұл сөздерін естіп, жерге қарадым. Бетім ұяттан өртеніп бара жатты.

Жазба интернеттен алынды.

Қазақтың ұлттық психологиясындағы қыз бала тәрбиесі

Жаксы кыз - өмір сәні.
Сөкпей сөйле, ұлыңа,
Күлмей сөйле, қызыңа.
Жіберіп қойып еркіне,
Күлкі болма жұртыңа.

Қыз бала тәрбиесіне ертеден-ақ мән берген. Өмірдің гүлі, ел болашағы қыз бойында, іс-әрекетінде, психологиясында өз мінез-құлқына тән құбылыстар болады. Балғын шақтың қызығы да осында.

Абай атамыз «Жаман тәрбие – болашақтағы қайғыңыз» деген. Қыздың абыройы мен ары – бүкіл елдің абыройы мен ары.

Қыз әдемілік пен інкәрлік символы. Жібектей мінезімен уыздай тәтті қылығымен, іскерлігімен, ұқыптылығымен, ізеттілігімен, иманды, инабаттылығымен сыйлы.

«Қызға қырық үйден тыю, қала берді есіктегі қара құлдан тыю» деген аталы сөз, желкілдеп өскен қыр қызғалдағына көрсетілген қысым емес, қайта пәк күйінде құлпырып өссін, жаман аттан аулақ болсын дегені.

Қазақ қыздарынан қаншама ақылгөй даналар, мейірімді аналар, отбасының құты мен берекесі бола білген тұлғалар шықтыдесеңші. Азулы алты қарыс Шыңғыс ханның жары Бөрте ше? Текті анадан туған төрт ұлы дүниенің төрт бұрышын биледі ғой. Кешегі «Жетімдеріміз, жетім болып жүріп-ақ жетілгенбіз» деген ақиық ақын Мұғағалиды. Маңғыстаудың Әулиесі атанып жүрген Әбіш ағамызды тәрбилеп өсірген аналарымыздың өмір жолы кейінгіге өнеге.

Ұрпақ тәрбиесіне халықтық педагогика мен ұлттық психология көмектеседі. Ата-бабамыздың салт-дәстүрін қыз бала тәрбиесіне пайдалана білсек. Тәрбие көрген қазақ қыздары ерлерін пір тұтып, оның ата-анасы мен бауырларын құрметтеп, үлкеннің алдын кесіп өтпей сыйлап, қадірлеген. Бұндай әйелдерді ер азаматтар да қатты құрмет тұтқан. Бір дуан елді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған атақты аға сұлтан Құнанбайдың анасы Зеренің алдын кесіп өтпегенін «Абай жолы» романынан бәрімізде оқыдық.

"Ана атану – дүниедегі баға жетпес бақыттың бірі. Бірақ балалықтың ауылынан ұзамай жатып бойына бала бітсе – ана үшін де, шарана үшін де қасіретке айналуы мүмкін.

Өйткені қыз ғұмыр бүршік жармай жатып солса, бойдағы бала бұл дүниені

көрмей-ақ қандауырға ілігіп кетуі ғажап емес. Оған дәлел –елімізде жыл сайын 15-19 жас аралығындағы жеткіншектердің арасында 20 мыңнан аса жүктілік тіркеліп, оның жартысына жуығы аборт жасатумен аяқталады. БҰҰ Халықты қоныстандыру саласындағы қорының дерегі бойынша, бұл көрсеткіш Шығыс Еуропа елдерімен салыстырғанда 2-3 есе көп. Ерте жастан ана атану – тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлемді алаңдатып отырған мәселе. Сондықтан БҰҰ Халықты қоныстандыру саласындағы қоры биылғы баяндамасын «бала шақта ана атану: жасөспірімдер жүктілігінің келелі мәселелеріне» арнапты. Аталмыш баяндамаға сүйенсек, жыл сайын тек дамушы елдердің өзінде 18 жасқа толмаған 7,3 миллион қыз ана атанады. Тіпті 15 жасқа жетпей жатып сәби сүйген жеткіншектердің саны 2 миллионнан асып жығылады екен. Оңы мен солын айыра алмайтын қыздардың мойнына аналықтың жүгі ерте артылған сайын, оның болашағы бұлыңғыр болады. Өйткені ерте жүктілік ана мен баланың денсаулығына кері әсер етеді. Әлем бойынша 70 мыңға жуық жеткіншек босану кезінде бұл дүниемен қош айтысады екен. Тіпті аман-есен босанды деген күннің өзінде, бала денсаулығында ақау болу ықтималдығы жоғары. Екіншіден, бойға бала біткеннен бастап, оған сабақты тастауға тура келеді. Орта мектептің өзін бітіре алмаған жас қыздың ертеңгі күні жоғары білім алуы екіталай. Үшіншіден, қыз баланың құқықтары шектеледі. Өйткені кәмелетке толмай жүкті болған қызға көп жағдайда ата-анасы қысым көрсетіп, қоғам қырын қарайтыны белгілі.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының деректері бойынша, 14 жастағы жеткіншектердің 8,4 пайызы жыныстық қатынаста болғандарын айтқан. Ал 15-тен аскандардың арасында бұл көрсеткіш 30 пайызды құрайды. Кәмелет жасқа толғанда жастардың жартысына жуығы ересек өмірдің «дәмін татып» үлгереді екен. Бұл нені көрсетеді? Тәрбиенің бостығын, баланың сексуалды мәдениет туралы хабарының аздығын, түптеп келгенде ата-ананың перзентін бетімен жібергендігін көрсетеді. Болары болып, бояуы сіңіп қойғанда, кінәліні іздеуге дайын тұрамыз. Алайда ойнап жүріп от басқан қыздың психологиялық жағдайын ойлап жатқан жан жоқ...

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Әсия Хайруллина бала шақтан ана атанудың себебі тек қыздардың жеңілтектігінде ғана емес, олардың зорлық-зомбылықтың құрбанына айналуынан және ата-ананың ұл-қызын ерте үйлендіруге бейім тұратындығынан дейді. Әсіресе, еліміздің Оңтүстігі мен Батысында қызын кәмелетке толмай ұзататын отбасылардың қатары көп екен. Бірақ та бүгінгі көзі ашық ата-ана өз еркімен мектепті де бітірмеген қызының өзге үйдің отын жағуына келісе салатынына күмәніміз бар. Тағы да айналып қыз бен ұлдың тәрбиесіне келіп тірелеміз... «Ұл отыз үйден, қыз қырық үйден тыйым» көріп өссе, мұндай мәселені талқыламас та едік, бәлкім...

Анықтама

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2024 жылдың сәуір айыда "Ерте жүктіліктің алдын алу" мақсатында жоғары сынып қыздарына арналған «Ерте жастағы жүктілік- болашаққа балта шабу» тақырыбында әңгіме өткізілді.

Жиналыстың негізгі мақсаты, ерте жүктіліктің алдын алу, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре отырып, келешекте ана алдында қоғамның, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бала болуға тәрбиелеу.

Сонымен қатар, жиналыста мектеп оқушыларына арнайы дайындалған бейне-роликтер көрсетіліп, тренингтер болды. Оқушылар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып тұщымды жауап алды. Тренингті мектеп педагог-психологы Б. Кенжебаева жүргізді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  М. Кузенбаева

АНЫҚТАМА

№52 С. Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2024 жылдың мамыр айында "Ерте жүктіліктің алдын алу" мақсатында жоғары сынып қыздарына арналған «Қыз әдебі» тақырыбында әңгіме жүргізіліп, баяндама оқылды.

Жиналыстың негізгі мақсаты, ерте жүктіліктің алдын алу, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре отырып, келешекте ана алдында қоғамның, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бала болуға, қыз әдебі туралы тәрбиелеу.

Сонымен қатар, жиналыста мектеп оқушыларына арнайы дайындалған бейне-роликтер көрсетіліп, тренингтер болды. Оқушылар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып тұщымды жауап алды.

Мектеп педагог-психологы:



Б.Кенжебаева